

Бекітемін:

**«31» тамыз 2023 жылы №1 хаттама
педагогикалық кеңес шешімімен
ЖК «Жаса» «Ай-Жұлдыз» п
бөбекжай-бақша меңгерушісі
Сисенбекова Д.А.**



**2023-2024 оқу жылының ересек «Жұлдыз» тобы бойынша
«Қызықты математика» вариативтік оқу жоспары**

Түсіндірме жазба

Математикалық материал тәрбиешінің ұйымдастырылған оқу қызметінен тыс уақытта жұмысының ұтымды байланысын қамтамасыз ететін құралдардың бірі ретінде қарастырылған.

Мақсаты: Балаларды он көлеміндегі сандарды дұрыс санай білуге, сандардың реттік қатарын жаңылмай айтуға, көп – аз, артық – кем ұғымдарын түсініп айтуға үйрету. Заттардың кеңістікте орналасу бағыты, геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту. Балалардың берілген тапсырмалар арқылы ақыл – ойларын дамыту. Балалардың математикалық мазмұнды ойындарға, есепке қызығушылықтарын және таным құзыреттіліктерін арттыру. Қабылдау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.

Міндеттері:

1. Кеңістікті бағдарлау, геометриялық пішіндер туралы білімдерін кеңейту.
2. Логикалық ойлау дағдыларын дамыту.
3. Математикаға деген қызығушылығын ояту және ізденіс - танымдық дағдыларын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың танымдық құзыреттілігін кеңейтуге, олардың ақыл-ой мүмкіндіктерін және қабілеттерін қалыптастыруға, өз біліміне сенімділік сезімін ұялатуға, танымға деген қызығушылықтарын ояту.

Вариативтік оқу жоспары «Қызықты математика»
Қыркүйек айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Құралдары
I апта	«Санамақ жаттау»	Балаларды санамақ санау арқылы білімін қалыптастыру және санай білу қабілеттерін жетілдіру.	Отбасы мүшелері атрибуттар
II апта	«Әрі қарай сана»	Цифр жазылған карточканы көрсете, бала осы цифрдан әрі қарай санауға үйрету.	Сандар карточкалар
III апта	«Жұмбақтар шешу»	Балаларға санға байланысты жұмбақпен таныстыру және оның жауабын шеше білуге үйрету. Ойлау қабілетін жетілтіру.	Жұмбақтар шешуі суреттері
IV апта	«Бессаусақ»	Балаларды санауға, әр сан таңбасын тани білуге, қол саусақ аттарын айта білуді үйрету. Қызығушылық сезімін ояту.	Бес саусақ атрибуттар

Вариативтік оқу жоспары «Қызықты математика»
Қазан айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Құралдары
I апта	Түрлі түсті жолақтар	Түстерді атауға,салыстыруға жаттықтыру,берілген тапсырманы орындауға ынталандыру.Ұзын және қысқа ұғыммын қалыптастыру,өлшемін анықтауға үйрету.Берілген жолақша түсі,өлшемі бойынша үстел үстінен дәл осындай жолақшаны таба білу.	Қағазға желімделген әр түрлі жолақшалар және қиылған әртүрлі жолақшалар.
II апта	Көп және біреу	Көп және біреу қатынастарын білуге үйрету,заттардың тең,тең емес топтарын салыстыру.Берілген суреттерді қарай отырып,көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп,екі топқа қоя білу.	Көп зат және бір зат бейнеленген суреттер.
III апта	«Қуыршақ қонаққа дайындалуд»	Ұзын қысқа,жуан жіңішке,ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.	Ұзындығы,жуандығы,түсі әртүрлі ленталар немесе бантиктер
IV апта	«Оң және сол»	Үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру,ойлау қабілетін дамыту.Тапсырманы орындай білуге баулу.Мыс: оң қолыңа үлкен ойыншықты,сол қолыңа кішкентай ойыншықты ал.	Үлкен және кіші ойыншықтар.

Вариативтік оқу жоспары «Қызықты математика»
Қараша айы

Апт а	Тақырыбы	Мақсаты	Құралдары
I апта	«Дәл осындай пішінді тап»	Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Геометриялық пішіндер бейнеленген құлыптар беріледі, құлыпты ашуға тапсырмалар беріледі. Сол құлыпқа сай пішінді алып құлыпты ашу керек.	Бала санына қарай құлыптың суреттері және пішіндер
II апта	«Кеңістік»	Балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Үлкен бөлме суретіне, қолдарына таратып берген суреттерді орналастыра білу.	Балаларға әр түрлі заттар бейнеленген үлкен плакатта бөлме суреті
III апта	«Сипатта- масы бойынша тап»	Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын қалыптастыру. Бір баланы сырқа шығара тұрып, қалған балаларға жұмбақ құрастырады. Мыс: «Ұзын құлақ, қыли көз, қысқа құйрық бұл қай аң?» Шеше алмаған жағдайда сол ойыншықты беріп қайта қайталап айтуды меңгерту.	Топтағы жануарлар бейнелейтін ойыншықтар. Үлкен сөреге аю, қоян, қасқыр т.б ойыншықтар.
IV апта	«Математи- калық жаңылтпа- штар»	Санға байланысты жаңылтпаштармен таныстыру, мағынасын түсінуге тәрбиелеу. Балалардың тез жаңылмай анық айтуын, тілін дамыту.	Санға байланысты жаңылтпаштар

Вариативтік оқу жоспары «Қызықты математика»
Желтоқсан ай

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Құралдары
I апта	«Бет орамалға лайық жамау табу»	Геометриялық пішіндерді ажыратуға,логтикалық ойлау қабілеттерін дамыту.Бет орамал үлгісін таратылуы,сол орамалға сәйкес келетін жамау тауып үйлестіре білуін қалыптастыру.	Бала санына қарай қағаздан жасалған бет орамалдар үлгісі. Әр түрлі пішіндер.
II апта	«Таныс пішіндер доминасы»	Геометриялық пішіндер туралы түсінігін нақтылау.Ортаға қойған суретті доминаға сәйкес суретті жалғастыра атай отырып қоя білуге үйрету.	Пішіндер бейнеленген суреттер.
III апта	«Заттарды сана»	Балалардың назарын,зейінін дамыту.Көкіністер санына байланыстысанды тауып қоюға үйрету.Ойын арқылы көкіністер туралы білімдерін дамыту.Балаларға таратылып берген көкіністердің суретіне байланысты сіріңке қорабына санды алып қоя білу керек.	Көкіністер,суреттері сіріңке қорабындағы сандар.
IV апта	Математикалық жұмбақтар	Балаларды тапқырлыққа,белсенділікке,зейінділікке санға байланысты жұмбақтар шеше білуге тәрбиелеу.Ойын ұшқырлық,тілін дамыту.	Санға байланысты жұмбақтар және жауап суреттер.

Вариативтік оқу жоспары «Қызықты математика»
Қаңтар айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Құралдары
I апта	«Тәулік бөліктері»	Балалардың тәулік жайлы білімдерін кеңейту. Тәулік бөліктерін ажырата білуге айтуға жаттықтыру. Тәулік суретін ретімен атай отырып орналастыра білуге үйрету.	Тәулікке байланысты суреттер
II апта	«Апта күндері»	Балаларды апта күндерін атап, есте сақтай білуге баулу. Апта күндерінің атауларын атап, ажырата білуін қалыптастыру. Мыс: Дүйсенбі аптаның бірінші күні	1-ден 7-ге дейінгі сандар немесе дөңгелекшелермен белгіленген карточка және басқа киетін тәжі.
III апта	«Айырмашылығын тап»	Балаларды қырағы, зейінді, тапқыр болуға тәрбиелеу. Берілген екі суреттің айырмашылығын қарап отырып, атап айтуға үйрету.	Екі бірдей нәрсе суретте айырмашылығын тап.
IV апта	«Математикалық санамақтар»	Санамақтар арқылы сана таңбасын тануға, санауға үйрету. Қисынды ойлау қабілетін дамыту. Ұлттық тәрбиеге баулу.	Санамақ сөзіне қарай суреттер.

Вариативтік оқу жоспары «Қызықты математика»

Ақпан айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Құралдары
I апта	«Суретші қай жерден қателесті»	Балалардың жыл мезгілі туралы білімін бекіту. Уақытты бағдарлай білуін қалыптастыру. Ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алуға үйрету.	Суретшінің мазмұнды суретері тақырып бойынша.
II апта	«Сөздік ойын»	Балалардың тілін, сөздік қорын молайту. жыл мезгілі, көлем, тәулік туралы сөйлем басталады, балалар аяқтау керек.	Сөйлем мазмұнына сай суреттер алу.
III апта	«Қиындыларды дұрыс бөл»	Берілген қиындыларды түсі мен ұзындығы бойынша айыра білуге жаттықтыру. Бірнеше тапсырмалар беріледі. Соны түсіне орындауға үйрету.	Әр балаға ұзындығы мен түсі әртүрлі қиындылар
IV апта	«Математикалық жаңылтпаштар»	Балаларды шапшаң сөйлеуге саны барр жаңылтпашты тез қайталап айтуға үйрету. Тілдерін ұстастыру.	Математикалық жаңылтпаштар

Вариативтік оқу жоспары «Қызықты математика»

Наурыз айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Құралдары
II апта	«Зат неге ұқсайды?»	Геометриялық денелер мен пішіндер туралы білімдерін бекіту. Айналадағы заттардың геометриялық пішіндер ажырата білу дағдыларын дамыту.	Геометриялық пішіндер заттар суреттер.
II апта	«Қандай сан жетіспейді»	Сандарды тани білу, неші бірліктен тұратыны, аталған сан арасындағы санды атап, қоя білуге үйрету.	Қораптар ішінде сандар әр балаға.
III апта	«Етегі кейіпкерлерінің жұбын тап»	Балаларды «жұп» ұғымымен таныстыру. Тақтаға мультфильмнің кейіпкерлері әр жерге ілінеді, бала бір мультфильмнің екі кейіпкерлерін тауып, оларды жұптастырып қою керек. Солан соң балалар неше жұп болғанын, қайсысы жұпсыз екендігін анықтауға үйрету.	Мультфильм кейіпкерлері суреттері
IV апта	Математикалық жұмбақтар	Балаларды санға байланысты жұмбақтарды шешуде тапқырлыққа, белсенділікке тәрбиелеу.	Санға байланысты жұмбақтар және суреттері

Вариативтік оқу жоспары «Қызықты математика»

Сәуір айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Құралдары
I Апта	«Жануарларды орналастыр»	Баларды тақтада және қағаз бетінде бағытта таба білуге үйрету.балалардың біреуін тақтада,қалғандары қағаз бетіне тапсырманы орындай білуге үйрету.Мысалы: Оң жақтағы жоғары үйшікке тиінді,сол жақтағы төменге мысықты,оң жақ төменге аюды,сол жақ төменге қасқырды орналастыру т.б неше үйшік санау көрсету	Әр балаға жануарлар суреттері үйшікте суреттері үйшіктер суреттері,қағаз бетіне салынған үйшіктер әр балаға.
II Апта	«Жоғарыда-төменде,биік-аласа»	Жоғарыда-төменде,биік-аласа ұғымын пысықтау.Бала қораптан бір суретті алып атап,сюжетті суретті іле білу керек.Мыс:ұшақ жоғарыда аспанда ұшады.Балық төменде суда жүзеді деп айтып өз орындарына орналастыра білу.	Сюжетті сурет аспан,жасыл,алқап бейнеленген үлкен плакат.Қорап ішінде ұшақ,құстар,балық түрлері аңдар қатырма қағаздан жасалған
III Апта	«Сөзді керсінше ата» сөздік ойын	Балаларды қарсы мағынадағы сөздерді таба білуге үйрету.Көлем,кеңестіктегі ара қатынас туралы білімдерін бекіту.Допты балаға лақтыра отырып,сөзді айта,балалар қарсы сөзге қарсы мәндес сөзді тауып айта допты кері беруге үйрету.Мыс;үлкен-кіші,аз-көп,жоғары-төмен	Орташа топ.Қарама-қарсы сөздер карточкалар.
IV Апта	«Жыл атасы»	Балалардың жыл мезгілдері және айлары атауы түсініктерін пысықтау,білімдерін бекіту.	Сандар жасыл,сары,ақ түсті карточкалар әр жыл мезгілі суреттер.

Вариативтік оқу жоспары «Қызықты математика Мамыр айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Құралдары
I Апта	«Осындай пішінді тап»	Балалардың геометриялық пішіндер туралы алған білімдерін бекіту.Назар аудару,ойлау,есте сақтау қабілетін дамыту.	Геометриялық пішіндер үшбұрыш,дөңгеле к,шаршы суреттер,ойыншық тар геометриялық пішіндердің суреті бар жолдар
II Апта	«Кеңістікті бағдарлау»	Балалардың кеңістік қатынастарымен(оң-сол,астына- үстіне,арасында) заттың көлеміне қарай(жоғары- төмен,ұзын-қысқа)салыстыра білу қабілетін пысықтау.Логикалық ойлау қабілеттерін жетілтіру	Өзен,қоян,биік қарағай мен аласа шырша,тиін,кірпі,е кі шымшық суреттері тақтаға ілу.
III Апта	Заттардың қасиетін қайталау	Балалардың 5 көлеміндегі сандарды тура және санай білуге,заттың қасиетін геометриялық пішіндер мен олардың белгілері туралы білімдерін қайталау.	Кеспе сандар,үйлер,қоян, аю,балықтар,сиқы рлы қарандаш
IV Апта	«Ойлау әлеміне саяхат»	Білімділікке бейімдеу бағытында сандарды ажыратуға,құрамын білуге,жыл мезгілі,апта күндері ретімен атауға геометриялық пішіндер мен денелерді айыра,айтай білуге,тақпақтар,жұмбақтар,жа ңылтпаштар қайталауға үйрету.Ойлау,есте сақтау қабілетін дамыту	Геометриялық пішіндерді сан тізбектері ертегі кейіпкерлері суреті,карточкалар

